Оқу жылының міндеттемесі бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың мүсіндеудің әр түрлі технологияларын қолдану арқылы шығармашылық қабілеттері мен қиялын дамыту бойынша балалармен жұмыстар жүргізілді. Балаларды мүсіндеу әдістерінің түрлерімен және мүсіндеудің дәстүрлі емес әдістерімен таныстыру, композиция, түс туралы білімді қалыптастып, мүсіндеудің барлық әдістерімен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, шығармашылық қабілеттерін эстетикалық талғамын, қиялын, есте сақтау қабілетін, зейінін, бейнесі және логикалық ойлауын, қол моторикасын, әдістерін пайдаланылды. Сонымен қатар, жылдық міндеттемені іске асыру барысында әр жас тобымен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері өткізілді. Атап айтсақ «Сұңқар» ортаңғы топ бүлдіршіндерімен «Шұғылалы алтын күн», «Звездочка» ортаңғы тобымен «Снеговик» ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері өтілді.

«Коммуникативтік» дағды бойынша бағдарламаның барлық бөлімдерінің ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын, дыбыстарды анық айтуды, өз ойын толық сөйлемдер құру мүмкіндіктері менгертілді. Тілдік даму құралдары мүмкіндігінше толықтырылды.

«Физикалық қасиеттерді дамыту» дағдысы бойынша дене шынықтыру іс-әрекеті барлық топтарда үлгілік оқу жоспарына сай өткізілді. Жаз айларында жалаң аяқ жүру, сусындар мен шырындар ішу, дене шынықтыруды таза ауада өткізу, спорттық жарыстар мен ойын-сауықтар ұйымдастырылды. Жылдық жоспарға сай режимдік денсаулық күндері, дене шынықтыру мерекелік сауық-кештері жоспарға сай өтілген. Өздігінен қозғалу белсенділігіне келсек, кіші, ортаңғы топ балалары кейбір қимылдарды үлкендердің көмегімен орындаса, ересектер және мектепалды даярлық топ балалар өздері орындап, спорттық жаттығуларды, әр түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын өздері жүргізе алады. Балабақшадағы дене шынықтыру іс-әрекеттерінде халық педагогикасының элементтері пайдаланылып, ұлттық ойындар ойнауға балалардың қызығушылықтары арттырылып отырылған.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» дағдысы бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш бойынша көрсетілген. Педагогтар балаларға санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды, құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерін меңгертіп отырған.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу» дағдысы бойынша балалар сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, топпен жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілер жеке шығармашылық іс-әрекеттерін меңгерген.

«Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдысы бойынша балалар өз бетінше үйрену дағдыларын, ортада өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, қазақ халқының тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықтарын қалыптастыруға үйреткен.

2023-2024 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып осы оқу жылындағы перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) негізінде жасалынды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер күні бойы жүргізіліп, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Осы оқу жылында балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру бойынша жылдық міндеттемеге сәйкес ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру мақсатында балалармен, педагогтармен, сонымен қатар ата-аналармен бірлескен түрде іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалардың бойында адамгершілік құндылықтарға, басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, өз құрдастарымен бірлесіп ұлттық ойындар ойнау, өз Отанын жақсы көру, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытуға жағдайлар жасап, күнделікті өмірде осы дағдыларын қалыптастырып, дамытуға мүмкіндіктер жасалған. Педагогтар арасында Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларды тәрбиелей аламыз ба? тақырыбында пікір талас өткізілді. «Балбөбек» ересек тобында «Асық терапиясының мектепке дейінгі балалар үшін қандай пайдасы бар?» тақырыбында ұлттық ойындар өткізілді. Жылдық міндеттемедегі мақсат-міндеттерді орындау мақсатында, әр топта ашық

ұйымдастырылған іс-әрекеттер <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты болады. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі педагогикалық кеңесте және әдістемелік лездемелерде қаралып отырған.

Тәрбиеші мамандар балаларға берілетін білімнің сапалылығына, меңгеруіне жеңіл де тиімді болуына әртүрлі ойындар, көркем де әдемі көрнекіліктерді, ғажайып сәттерді, жаңашыл тәсілдерді енгізіп, пайдаланған.

Оқу-тәрбие жұмысында жеке тұлғаны адамгершілікке, ақыл-ойының және сана сезімінің жетілуіне, рухани байлығын және эстетикалық сезімінің дамуына қор жинақталуына жағдай жасалынған.

Балаларды жан-жақты дамыту, балалардың қызығушылығы мен ата-аналар арқылы балалармен жұмыс істеудің жаңа түрлері мен әдістерін құру енгізілген.

2024-2025 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері

ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру

- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту

-Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

- Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту.

- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

- «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жұмыс жасау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа заманауий сапасына қол жеткізу, баланың дамуы мен танымдық қабілетін жүйелі түрде әлеуметті дағдысын дамыту мақсатында балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығымен әлеуметтік дағдысы қалыптастырылған.

Жаңартылған білім беру мазмұны арқылы сапалы тәрбие мен білім беруде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізілген.

Балабақшада ұсынылатын қызмет сапасын жоғарылату, күн сайын артып отырған, ата-аналар талаптарын қанағаттандырып, балалардың негізгі білім, білік

дағдыларын қалыптасытырып, шығармашылық қабулеттерін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар кеңінен қолданылып отырылған.

2024-2025 оқу жылында балалардың жас топтары бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2021жылғы 20желтоқсанындағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы негізінде топтар бойынша жас ерекшелігіне сай жазылған педагог-мамандары мен тәрбиешілердің циклограммада күні бойы өтетін режимдік сәттер мен перспективалық жоспарлары құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспарлары <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығы 1-қосымшамен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшелігіне сәйкес үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелігін қамтамасыз ететін тақырыптар негізінде жасалған.Топтар бойынша жас ерекшелігіне сай жазылған циклограммада жұмыс уақыты, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жүктемесі ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы үлгілік оқу жоспарға сәйкес берілген.Күн тәртібі сақталған. Оқу жыл бойы бөбекжай-бақшада дене шынықтыру нұсқаушысы,музыка жетекшісі оқу іс-әрекетін жүргізген. Педагог мамандар мен тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары ортақ тақырып негізінде жазылған, циклограммалары жас ерекшеліктері ескеріліп жасалынған, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері, жас топтары бойынша күн тәртібі бар. Жас ерекшеліктері бойынша топтардың жұмыс циклограммалары жинақталған.Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі баланың жас ерекшеліктеріне, денсаулық мүмкіндіктерінің есебінен құрылған және бақшадағы балалардың күнделікті өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық-педогогикалық негізіне қойылған талаптарға сай. 2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарының ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

2024-2025 оқу жылында мерекелік іс шаралар жоспар бойынша өткізіліп отырылды.

Бөбекжайдағы барлық топтарда «1-Қыркүйек-Білім күні» атты мерекелік ертеңгіліктер, тілдер апталығына орай «Тілім менің-тірегім» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-

әрекет ұйымдастырылды. Алтын күз мерекесіне орай «Алтын күз!», атты мерекелік ертеңгіліктер сонымен қатар ата-аналармен бірлескен «Күзгі көрме» іс-шаралары ұйымдастырылды. Республика күніне орай топтарда «25-Қазан Республика күні», 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай барлық топтарда «Тәуелсіздік тірегім» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Бөбекжай-бақшада барлық топта «Жаңа жыл -2025» атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Балабақшада патриоттық тәрбие мен ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінеді. Жылдық жоспарға байланысты «Мемлекеттік рәміздер» күніне, «Тіл мерекесіне», «Білім күні», «Ұстаздар» күніне, «Алтын күз» мерекесі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні», «Қош келдің Жаңа жыл», «Ана – өмір шырағы!», «Ұлыстың ұлы күні», 1 мамыр Бірлік күні «Достығымыз жарасқан» «Мәңгі есімізде», «Қош бол – Балабақша!» ертеңгіліктері, түрлі ертегілер сахналанған, дене шынықтыру ойын-сауықтары және денсаулық күндері өткізіліп тұрады. Осы іс-шараларға байланысты көрмелер, байқаулар жиі өткізіліп, осы жұмыстардың барлығына балалар, педагогтар, ата-аналар белсенді қатысады. Жыл сайын аудандық «Айгөлек» байқауы, «Жүзден жүйрік» балалар байқауына, «Күз – мерекем, күз – берекем» байқауы, «Ана, әже және мен» байқауларына қатысып жүлделі орындар алды, мақтау қағаздарымен марапатталды. Жыл бойы ата-аналар балабақшада болып жатқан мерекелерге, ойын-сауықтарға, жарыстарға өз ықыластарымен белсене қатысады.

Балабақшаның жеткен жетістіктері.

2022-2023 оқу жылы «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» байқауынан жүлделі 2-орын иеленгені үшін Мамырбек Арайлым Сайрам ауданының білім бөлімінің дипломымен марапатталды.

2022-2023 оқу жылы «Ана, әжем және мен» байқауының жүлдегері Ғабит Айым марапатталды.

«Шымырлық пен шеберлік күні» байқауында 1-орынды иеленгені үшін Агитай Ерғанат марапатталды.

«Менің анам керемет» байқауында 1-орын иеленген Ғабитқызы Айым марапатталды. «Жігіт сұлтаны-2022» байқауына қатысып бас жүлде иеленгені үшін Бахтияр Алинур марапатталды.

2024ж Аудандық балалық шағымның шуақты биі шығармашылық байқауында «Үздік биші» номинациясын иеленгені үшін Бахыт Раяна марапатталды.

Аудандық «Күз мереке, күз береке» байқауының «Дефиле» сайысы бойынша жүлделі 3-орын иеленгені үшін Бахыт Раяна марапатталды.

Аудандық «Күз мереке, күз береке» байқауының қол өнер сайысы бойынша жүлделі 3-орын иеленгені үшін Бахыт Раяна марапатталды.

Абай оқулары конкурсында 2-орын алғандары үшін: Молдабек Аян, Нұрғали Мұхамедали, Бахыт Раяна, Тұрсын Айзере, Төрехан Әмірхан марапатталды.

Абай оқулары конкурсында жүлделі 1-орын иеленгені үшін Құрманбек Алау марапатталды.

«Бояулар құпиясы» 2-орын иеленгені үшін Халмурадова Мариям, Жолдасов

Даут, Құрманбек Алау, Жарылқасын Әміре, Бахыт Раяна, Тұрсын Айзере Төрехан Әмірхан марапатталды.

«Ілияс оқулары» конкурсында Бас жүлде иегері Молдабек Аян марапатталды. Балабақшаның жетістіктері <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

Балаларды мектепке дайындау сапасы

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі: балалардың білімге деген құмарлығын дамыту; балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту; балалардың шығармашылық қиялын дамыту; тілдік қарым-қатынасын дамыту (кұрбы- құрдастармен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

Балалардың салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, педогогтармен ата-аналар арасында тығыз байланыс орнатылған.

Балалардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінеді. Күнделікті тамаққа көкөністер, сүтті, тәтті тоқаштар, ірімшік, сапалы балғын жемістер, шырындар мен сусындар беріледі.

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасында инклюзивті білім берілмейді, өйткені мүмкіндігі шектеулі балалар жоқ. Дегенмен бөбекжайда инклюзивті білім беруге төмендегідей жағдай жасалған.

Бөбекжай мекемесі ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасауды қамтамасыз ету барысында бөбекжайға кіру арнайы жабдықтармен яғни пандус, кіру алаңында және тайғанамайтын кіреберістің бар болуы, бөбекжайға қол жетімділік белгісін орнату және бөбекжайдағы қозғалыс белгілері баспалдақтың астында бар.

5. Оқу-материалдық активтер:

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасында баланың біртұтас үйлесімді дамуына ықпал ететін, әр түрлі іс-әрекеттерге балалардың танымдық дамуы мен белсенділігін ынталандыратын дамып келе жатқан жас бүлдіршіндерге орта жасалған. Бөбекжай-бақша ғимараты 2 қабатты ыңғайластырылған типте, күйдірілген кірпіштен 2014 жылы салынған. Жобалық қуаттылығы 150 орындық. Жыл сайынғы ағымдағы жөндеу жұмыстары қажеттілікке байланысты жаз мезгілінде жүргізіліп отырылған.

Бөбекжай-бақша жабдықтар мен жиһаздармен ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етілген. Бөбекжай-бақша оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған Бөбекжай-бақшасы жабдықтар мен жиһаздардың жабдықтаудың негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері жиһаз бен және жабдықтармен қамтылу

туралы ақпараттар бөбекжайдың <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет-ресурста орналастырылды. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, дамытушы орталарға бөлінген, жаңа дизайнмен безендірілген. Бөбекжай-бақша технологиялық құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және төсек әбзелдері, орамалдармен түгелдей жабдықталған. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетін сапалы жүргізуге музыка залы толығымен жабдықталған. Балалардың физикалық тұрғыдан өсіп дамуы үшін дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетін сапалы жүргізуге спорт залы қарастырылған. Дене шынықтыру алаңы секіруге, жүгіруге, еңбектеуге және тепе-теңдік сақтауға арналған жаңа құралдармен жабдықталып, толықтырылған.

Баланың даму жағдайларына қойылатын жалпы талаптарға сай келеді. Барлық алаңдарда көлеңке түсіретін бастырма, ойын жабдықтары және құммен ойнайтын орындар орналастырылған. Сонымен қатар балабақша ауласы көгалдандырылған, яғни гүлдер мен гүлзарлар, ағаштар көп отырғызылған.

Білім беру процесіне қатысушылардың кешенді қауіпсіздігі

Бөбекжай-бақшада балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету шаралары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар ұйымдастырылған.

Терроризмге қарсы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі туралы заңнамалық және нормативтік құжаттар, террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты әзірленіп, ІД мен келісіліп, бекітілді. Сонымен қатар, ақпараттық құжаттар (нұсқаулықтар, жадынамалар, ақпарат) бөбекжайдың <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет-ресурста орналастырылды.

Қауіпсіздік мақсатында 16 бейне бақылау камерасы бар соның ішінде 10 камера бөбекжай ішінде, 6 камера сыртта ойын ауласында орналасқан.

Мекеменің күзету тәртібі, өткізу режимі, қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің міндеттері айқындалған терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету туралы бұйрық пен жауапты адамдар тағайындалған. Террористік актілер мен төтенше жағдайлар қауіпі туындаған кездегі персоналдың іс-қимылы бойынша жадынамалар бар. Мекемеде түнгі уақытта күзетшімен кезекшілік ұйымдастырылған.

Бөбекжай-бақшада өртке қарсы жұмыстарға үлкен көңіл бөлінген.

Бөбекжай-бақшасы өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Эвакуациялау жолдары қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келеді. Қарсылықты өлшеу уақытылы жүргізіледі. Нысан өрт дабылымен жабдықталған.

Жыл сайын өрт сигнализациясына қызмет көрсетуге шарт жасалады, оған ай сайын қызмет көрсету журналда тіркеледі. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізіледі. Өрт туындаған кезде адамдарды көшіру (эвакуация) жоспары бар.

Ас бөлмелері арнайы технологиялық құралдармен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді. Арнайы жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоназытқыштар бар. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды

тааразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Азық-түлік әкелетін кәсіпкерлермен келісім шарт жасалынған.

Кір жуатын бөлмеде, әр топтың кір төсеніштері қабылданып арнайы себетке салынады. Кір жуатын машинасы орналасқан, сондай-ақ кір орамалдарды жібітуге, дезинфекциялауға арналған ыдыстар бар.

Бөбекжай-бақшаның оқу-материалдық активтері туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының» **4-қосымшасында** толық көрсетілген. Ақпараттар бөбекжайдың <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет-ресурста орналастырылды.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры:

Оқу әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер.

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасының қорында оқу-әдістемелік құралдар, мерзімді басылымдар, балаларға арналған көркем әдебиеттер, ертегілер, кітаптар бар.

Педагогикалық қызметті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қолдау мақсатында қазақстандық «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», «Әдіскер», «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі білім беру басқармасы», «Музыкалық жетекшісі», «Балабақшадағы Психолог», «Ыбырай», «Оңтүстік ұстаздар», журналдарымен жұмыс жасауда.

Бөбекжай-бақшада 2 ноутбук, 1 компьютер интернет желісіне қосылған,

3 принтер, 1 музыкалық орталық бар. Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтармен және көрнекі құралдармен жабдықталған.

Бөбекжай-бақшада заттық-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндіктері бар. Сюжеттік-рөлдік ойындарды өткізуге арналған ойын бұрыштары («Асхана», «Шаштараз», «Дүкен», «Дәрігер») жасалған. Әр топта балалардың өзіндік іс-әрекеті үшін бейнелеу іс-әрекеті, театрландырылған іс-шаралар, музыкалық бұрыштары бар.

Бөбекжай бақшасының кіші тобында танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Ортаңғы топта дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар.

Бөбекжай-бақша бойынша барлық топтарда «Денсаулық», «Табиғат», «Мобильді кітапхана», «Ұлттық бұрыш», «Ата-аналар» бұрыштары бар. Топтарда дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифтті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, оқу құралдары бар.

Бөбекжай оқу әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, балалар көркем әдебиеті мен жабдықталған. Әдістемелік әдебиеттер білім беру саласы бойынша жүйеленген. Топтардағы дидактикалық көрнекі материалдар барлық бес дағды бойынша лексикалық тақырыпта дамытушы ойындарының дидактикалық базасы, "Жыл мезгілдері", "Балабақша", "Өсімдіктер", "Ойыншықтар", "Көлік", "Жәндіктер", "Жемістер", "Мамандықтар" тақырыбында дидактикалық материалдары бар.

Бөбекжай-бақшаның оқу-әдістемелік кешені мен кітапханалық қоры туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы

№12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарының»

5-қосымшасында толық көрсетілген <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет-ресурста орналастырылды.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг ұйымдастырудың және жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа ала отырып «Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы жеке мекемесінде педагогтар бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып әр баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілген.

2023-2024 оқу жылдарындағы топтарды балалардың білім білік дағдыларына бастапқы, аралық, қорытынды жалпы мониторинг жүргізілген, бағдарламаның толық меңгергенін анықтайтын баланың жеке даму картасы толтырылған, баламен түзету жұмыстары жүргізілген. Тәрбиешілердің баланың өмірі мен денсаулығын сақтау циклограммасында «Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс» бөлімі сондай ақ баланың жеке даму картасы толтырылған. Әрбір бақылаудан (бастапқы, аралық, қорытынды) кейін түзету іс-шаралары баланың бағдарлама бойынша үлгермей, меңгермей жатқан тұстары бойынша жүргізіліп, апталық циклограммада көрсетілген. 2022-2023ж, 2023-2024ж, 2024-2025 оқу жылдарының мониторинг нәтижелері, әдіскердің жинақ есебі, балалардың жұмыстары жинақталған. Бөбекжай-бақшада 2024-2025 оқу жылдары үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг оқу жылының бастапқы, аралық диагностикасының нәтижелері бақылау парақтарында жазылған. Бөбекжай-бақшада балалардың жас ерекшелігіне сәйкес біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары (қағаз) түрінде сақталған.

Стандарт талаптарына сай бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырған және бала жетістіктерінің мониторинг негізінде жасына сәйкес іске асырылған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының жалпы бөбекжай-бақша бойынша және топтың бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтерінің көшірмелері PDF форматта сканерленген нұсқада қоса берілді <https://shattyq-edu.kz/> ресми интернет-ресурсына орналастырылды.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы:

Ата-аналарға <https://t.me/+VyEBzkozaxAyZDRi>

педагогтарға <https://t.me/+wcmXoatwqhJkOGVi>

телеграмм каналында

орналастырылды.

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы» жеке мекемесінің педагогтерінен алынған сауалнама талдауы

Сауалнамаға қатысқан педагог саны-17

Сауалнамада қарастырылған сұрақтар тізбесі мен жауаптар нәтижесі

№	Сауалдар	Толық келісемі н	Келісемі н	Келіспей мін	Толық келіспеймі н
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді?	68%	30%	1%	1%
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысушы және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған?	71%	26%	2%	1%
3	Педагогтер тиімді әдістемелік көмек алады.	72%	26%	1%	1%
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады.	68%	328%	3%	1%
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	74%	24%	1%	1%
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	76%	22%	1%	1%
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің	74%	24%	1%	1%

	талаптарына сәйкес келеді				
8	Әкімшілік жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	70%	28%	1%	1%
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдердің арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	74%	25%	1%	0%
10	Оқу материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	73%	26%	1%	0%
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	66%	27%	5%	2%
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	80%	19%	1%	0%
13	Әріптестер мейірімді және арқашан көмектесуге дайын	84%	15%	0%	1%
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	71%	27%	1%	1%
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	75%	23%	1%	1%
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	70%	26%	3%	1%
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады.	79%	20%	0%	1%
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	14%	6%	35%	45%

Қорытынды: Жалпы ата-аналар бойынша сауалнамаға 14 педагог қатысты. Сауалнама 18 сұрақтан тұрады. Педагогтердің мектепке дейінгі ұйымдағы білім

беру, қызметтеріне көзқарастары мен қатынасы жалпы пайызға шаққанда «қанағаттанарлық»

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай-бақшасы жеке мекемесінің «Жасұлан» ересек тобы ата-аналарынан алынған сауалнама талдауы

Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны-25

Сауалнамада қарастырылған сұрақтар тізбесі мен жауаптар нәтижесі

№	Сауалдар	Толық келісемі н	Келісемі н	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз мектепке қуана барады ма?	60%	32%	4%	4%
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар ма?	63%	32%	3%	2%
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз ба	71%	25%	2%	2%
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	57%	33%	6%	4%
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	67%	30%	2%	1%
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	71%	27%	1%	1%
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	73%	25%	1%	1%
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	62%	29%	6%	3%
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру	65%	31%	2%	2%

	сапасыныа қанағаттанасыз ба?				
10	Топ ата-аналармен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	60%	32%	6%	2%
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	67%	29%	3%	1%
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе ?	38%	30%	19%	13%

Қорытынды: Жалпы ата-аналар бойынша сауалнамаға 25 ата-ана қатысты. Сауалнама 12 сұрақтан тұрады. Педагогтердің мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру, қызметтеріне көзқарастары мен қатынасы жалпы пайызға шаққанда «қанағаттанарлық»

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары:

- 1. Балаларды шығармашылық зияткерлік байқауларға қатысуды ұйымдастыру.
- 2. Біліктілік санаттарының деңгейін арттыру және растау бойынша педагог әрдайым ізденісте болып алдын ала қамдану қажеттілігін қолға алу.
- 3. Педагогтардың іс-тәжірибелерін республикалық баспасөз беттері мен әдістемелік құралдар жазуға, педагогтардың авторлық бағдарламаларды шығару жұмыстарына жұмылдыру.



10. Қорытынды мен ұсыныстар:

«Шаттық» аралас түрдегі бөбекжай- бақшасы жеке мекемесінің өзіндік бағалау 2025 жылы қаңтар айынның 10-нан ақпан айының 10-ы аралығында өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына нормативтік құжаттарына сай жүргізілгені анықталды.


Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мен даму көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Комиссия төрайымы:  - Жумабекова С.Д. - меңгеруші

Комиссия мүшелері:

-  Тастанова Д.С.- әдіскер
-  Шайхистамова Э.Е.- психолог
-  Серкебаева Ж.Ш. - тәрбиеші
-  Абдижалилова К.П. - тәрбиеші

Хатшы:

 Тастанова Д.С.- әдіскер